



EGEMEN QAZAQSTAN

Қалың қалай, қазақ сатирасы?

Оқырман мен көрерменнің бүгінгі сатира әлемінен Қалтайдың қағытпа қалжыңын, Уайдиннің уытты тілін, Оспанханның осып түсер сарказмын, Шонаның шақпа әзілін іздеп жүргені жасырын емес. Қазіргі сатира қоғам өмірінің қалтарыс-бұлтарысын, адам табиғаты мен мінез-құлқының ұңғыл-шұңғылын, көз шала бермейтін қия беткейін ашып, аршып, көрсетіп беруге қауқарлы ма? Сатираның бет-бейнесі, бағыт-бағдары қаншалықты өзгерді? «Egemen Qazaqstanuı» кезекті дөңгелек үстеліне қатысқан бір топ сатира сарбазы, міне, осы сауалдарға жауап береді.



– Қазақ сатирасының бар жоғын түгендегенде, памфлет, эпиграмма, фельетон сынды жауынгер жанрлар саптан шығып қалғандай әсер қалдырады. Мұның себебі неде? Әлде оларға қажеттілік жоқ па?

Мыңбай РӘШ:

– Оның басты себебі, меніңше, «көңілге келеді-ау» деп сынауға дәті бармай селқостық таныту, яғни «тек жүрсең, тоқ жүресің» дегенге саяды. Сондықтан да қазір эпиграмма, фельетон жазатындар жоқтың қасы. Оспанхан жазушы еді, ол кетті. Үмбетбай жазушы еді, ол кетті. Өз басым реті келсе, кей-кейде жазамын.

1956 жылы Ғабит Мүсірепов ашқан «Ара-Шмель» журналында қызмет еттім. Сонда біз фельетонмен сынаған министр орнынан ұшып түсетін. Оның ісі партия бюросында қаралып, үлкен дау болатын. Сынға көзқарас мықты еді. Қазір ешкім газет-журнал оқымайды. Осы селқостықтың салдарынан сатириктер де үнсіз.

Nur Otan халықтық партия ғой, халықтың партиясы осы қагілез әрі сергек жанрларды өз қанатының астына алатын болса, бұл жанрлар жаңаша

мазмұнда жетіліп, қоғамдағы кем-кетікті түзеуде партияның көмекшісіне айналар еді.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Себебі қазіргі қоғамымыздың бұларды керек етпеуінде. «Тәуелсіздік дегеніміз – Кеңес дәуірін жамандау», деп білетін шикі сезімділер ол кезеңдегі «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген ресми ұстанымды жоққа шығарды. Сын семсерінің – фельетонның атын өшірді. Кеңестік баспасөздің бұл құралы заңмен қорғалатын. Мысалы, «Ара-Шмель» журналында Бас редактор болған жылдарымда біздің фельетондарымыздың «азуын айға білеген» кейіпкерлері партияның Орталық комитетіне үстімізден арыз айтып, «соншама кінәлі еместіктерін» айтып шағынатын. Қайсысының болсын арызы жергілікті халықтық, партиялық бақылау комитеттеріне тексеруге жіберілетін. Олар шындықты шамалай алмаса, редакция Орталық комитет құзырындағы партиялық комиссияның төрелігіне жүгінетін. Сөйтіп ақиқатты мойындағысы жоқ сукиттер қатаң жазаланып жатты. «Тақтарынан» айырылған «мықтылардың» арасында ұжымшар-кеңшар, аудан, облыс басшылары да, министрлер де болды.

Заман өзгерді. Ақиқатты жақтаушы деректі фельетон «ескі жүйемен» бірге кете барды. Қоғамға бірден-бір пайдалы ашық сынды қолдаушы комитеттер мен комиссиялардың орындарын әкімдер мен министрлер басты. Бұрынғы екпінімен фельетон жазған үш сатирик (Алматы, Маңғыстау, Шымкент облыстарында) әкімдердің диірмендеріне түсе жаздап, дос-жолдастарының арашалауымен әрең-әрең бас сауғалады. Соны көрген, естіген фельетоншыларымыз: «Сен тимесең, мен тимен, бадырақкөз», деп тынды.

Кәпен ӘМІРБЕК:

– Қаламгерлер қауымының шығармалары бау-бақшаға ұқсаса, сыншы-сықақшылар бағбан сияқты. Бағбанның атқаратын жұмысы не? Арам шөбін жұлады, тазалайды, бірлі-жарым қисық өскен бұтақтарды қырқып отырады, уақтылы суарады, түбін қопсытып, баптайды. Құрт-құмырсқа өрмелеп шығып жемістерін жеп қоймас үшін сол ағаштың дінгегін көктемде әктеп қояды. Мұның бәрі сырт көзге ұсақ-түйек көрінгенімен, қыруар жұмыс. Кешегі Асқар Тоқмағамбетов, Шона Смаханұлы, Оспанхан Әубәкіров, Сейіт Кенжеахметұлы, Қажытай Ілиясұлының кезінде барлық сықақшы бағбан сияқты әдебиеттің бау-бақшасынан шықпайтын. Артық-тыртықтарын жұлып тастап отыратын. Мысалы, бір ғана Шона Смаханұлын тілге тиек етейікші. Сол замандағы атақты жазушы Хамза Есенжанов «Ақ Жайық» атты үш томдық кітап жазды. Сол шығарманың санынан гөрі сапасынан күдіктенген Шона ағамыз мынадай эпиграмма арнады. «Бірінші кітап – Ақ Жайық.

Екінші кітап – Ақ Жайық. Үшінші кітап – Ақ Жайық. Жайыққа Жайық қосылып, Суға кетіп қалмайық» немесе «вальс королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың атақ-даңқы шарықтап шыға бастағанда жанашырлықпен екі ауыз эпиграмма арнады. «Өмірде екі Шәмші бар. Бірінен жақсы ән шығар. Бірі арақты қамшылар. Одан қандай мән шығар?» Ешкім ренжіген жоқ. Неге ренжісін, шындық қой. Бетіне айтқанның айыбы жоқ. Қазақ әдебиетінде эпиграмма жазудың ең соңғы тұяғы Жарасқан Әбдірашұлы болды. Ширек ғасырдай жазған пародия, эпиграммаларымды жинақтап, «Па, шіркін, пародия» деген бір томдық шығардым да, мен де тоқтадым. Неге? Сынға құлақ асып жатқан кім бар? Түзелейін, түзетейін демейді. Ал памфлеттің көрін қазып, оны баяғыда жерлеп қойғанбыз. Әлемде болып жатқан адам шошитын оқиғалар дайын памфлет қой. Солардан алып сойып салып памфлет жазса, бүгінгі жастарға тәлім-тәрбиесі күшті болар еді. Жат елдің жат қылықтарынан жирендіретін сатиралық жанрдың озық түрі осы памфлет. Бүгінгі нарық заманында эпиграмма, пародия, фельетон сияқты жанрларды жандандыру үшін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі газеттерде байқау өткізіп тұруы керек. Сонда ғана оның маңдайы жарқырайды әрі қоғамда қозғалыс туғызады.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Иә, ол рас. Қазақ сатирасында қазір памфлет, эпиграмма, фельетон жоқ. Бұрын астарлап, осы жанрға салып, памфлет жазатын. Бүгінде астарлау дегеніңіз ұмыт қалған соң, ол жанр да жоғалды. Ол саяси жанрға ешкімнің де бара бергісі келмейді. Ол жанрдың міндетін бүгінде журналистиканың басқа жанрлары атқарып жүр. Осы күні астарлау, меңзеу дегендер ұмытылған. Осы бағыттағы басқа жанрлар сол памфлеттердің міндетін атқарып жатыр. «Ара» деген журнал шығатын. Онда фельетондар жарияланатын, оны тексеретін облыстық партия комитеті, атқару комитеттері мен министрліктер жауап беретін. «Ара» да жабылды, бәрі ұмытылды. Қалтай Мұхамеджановтың «Ара» жабылғаны – қазақтың қара жамылғаны» деген қанатты сөзі бар еді. Сол сөз бүгінге дәл келіп тұр.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Жиырманшы ғасырда сатира жанрларына жан бітіп, керек десеңіз ғасыр аяғында түрленіп, шарықтау шегіне жетті. Әсіресе фельетон. «Егемен Қазақстанда» белгілі фельетоншы Нури Муфтах осы жанрды ерттеп мініп алды. Ол жазған фельетондардың тақырыбы да сұмдық еді, обком хатшыларының өзін сілкілеп, тәубесіне келтіріп қоятын. Өзім де «Оңтүстік Қазақстан» газетінің сын-сықақ бөлімі «Қақпанды» қақыраттым. Әр жұма сайын фельетондарым бұрқырап шығып жататын. Аудан хатшылары «Қақпаннан»

именіп, иіліп жатушы еді. Ол кезде сынға ұшыраған мекеме басшылары қызметтерімен қимай қоштасып, керек десеңіз сотталып та кететін. Сондай бір заман еді. Газеттердің пәрмені күшті болатын. «Алақаным қыши береді» секілді фельетондарым үшін сотқа да шақырылғанмын. Қазір ше? Қазір сатира жанрларының пәрмені құрдымға кетті. Бастықтың былығын сынасаң, ол өсіп кетеді, ол аздай Астанаға көшіп кетеді. Қиғылық салып, моральдық шығын төлеттіруге үйреніп алғандар да бар.

Сондықтан шартты фельетонның дәуірі келді ғой деймін.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР:

– Меніңше, соңғы 5, 10 жылда барлық жанр өзгеріске ұшырады. Қазір басты назарда – форма. Егер сіз формасын тауып жаза алсаңыз, оны қалың жұрт «Мынау мына жанрға жатады екен» деп ажыратып жатпастан қызыға оқиды. Формасын тапқан туындының ішінде памфлеттің де, эпиграмма, фельетонның да талабына жауап бере алатын элементтер жүруі әбден мүмкін. Сондықтан оны жанр жоғалды дегеннен гөрі жаңа бағытқа көшті деп айтқан жөн болар.

– Хакім Абай «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» дейді. Осы қымбат күлкінің құны кетіп, сатираны биік өнер деңгейінен түсіріп алған жоқпыз ба?

Мыңбай РӘШ:

– Сатира өз биігінен түсті. Сахналық сатирада жүргендер Оспанхан, Үмбетбай, Шона, Ғаббас, Көпеннің шығармаларын қолданбайды. Өз мәтіндерін өздері жазып, не өлеңге келмейтін, не фельетонға келмейтін сықақсымақтарын халыққа ұсынып жүр. Сахнаға әйелдің көйлегін киіп шыққанға біздің халық күледі. Бүгінгі қоғамның сатира туралы түсінігін осы сахнадағы «сатириктер» қалыптастыруда. Сатираның есігі айқара ашық болған соң кім көрінген кіріп-шығып жүр.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Иә, арзандатып жібердік. Бұл «өзгеріс» баршамызды қуанта, серпілте келген «Тамашаның» үшінші жылында басталды. Үлкен-кіші әзіл-сықақшыларымыз жұмыла кірісіп, бұрынғы әңгіме-өлеңдерін сахнаға лайықтап беріп, жаңа шығармаларын да ұсынып мәз-мейрам болып жүргенбіз. Жазушылар одағының сатира секциясы театр жетекшілерімен тіл табысып, жер-жерден түсе бастаған сатиралық дүниелерді қарап, күлкісін күшейтіп беретін болды. Мәжілісімізге театр басшыларының бірі қатысатын. Арада екі жыл өте бере бір күні секцияның мүшесі, «Тамашаның» ең белсенді авторы Жарасқан Әбдірашев әзіл-сықақ жайын әңгімелеп отырғанымызда, «Тамаша»

мені «шаршатпауды» ойлады ма, жазып бергендерім үстелдерінің суырмасында жатып қалатын болды», деді. Одан кейін де сатириктеріміздің екеуі сондай «жаңалық» айтты. Секция мәжілісіне театр өкілі келмейтін болды. Таңданыс білдіре жазған хатымыз жауапсыз қалды. Түсіне алмадық. Ара-қатынасымыз тыйылды. Содан бастап театр сахнасы қалжасы арзан қалжыңға «кенелді».

Көпен ӘМІРБЕК:

– Бауыржан Момышұлы «Күлкінің жеңбейтін жауы жоқ» деді. Марк Твен «Адам баласының шын мәнінде өтімді бір қаруы бар. Ол – күлкі» деп баға берген. Оспанхан Әубәкіров «Шын күлкі ардан биік, шың бір өнер. Айналайын, жырқ-жырқ етпей шын күле көр», деді. Ақындарымыз күлкінің қадір-қасиетін өлеңмен өрнектеген. «Күлкі көрем көгілдір күн бетінен, Күлкі көрем аспаннан, жер бетінен. Күлкі, күлкі жан-жағым толған күлкі. Күлкіменен жер беті тербетілген». Міне, аузы дуалы ата-бабалардың артына қалдырған өсиетнамасы. Мөлдір. Таза. Пәк. Расында да біз күлкіні арзандатып алдық. Ғаббас Қабышұлы көкеміз бір кітабының атын «Кімге күлеміз?» деп қойған. Шынында кімге күлеміз? Не болса соған күлетін болдық. Атақты Ресей әртісі Юрий Никулиннің әзіл-сықақ кешін екі сағат көрген түріктің атақты әзілкеші Әзиз Несин еш езу тартпапты. Соның себебін сұраған Қалтай Мұхамеджановқа «Сіздің еліңіз ұсақ-түйекке күлетін бақытты ел екен. Біз әлі ондай дәрежеге жеткен жоқпыз», деп жауап беріпті. Кекеткен ғой. Сатирамыздың оны сағызша созып, көже-қатыққа айналдырып жүрген әртістер мен көди-сөдиге мәз болатын көрермендердің жетегінде кеткеніне жер шұқисың. «Кімнің күлкісі басым болса, соның мысы басым», дейді ғұламалар. Сайқымазақ сатира кімді тәрбиелеп оңдырады? Керісінше, олар қоғамдық мәселелерді қопара көтеріп, әлеуметтік мәні бар әзілдер айтса, көрерменнің көзін ашып, тәлім-тәрбие берудің көкесі сол ғой.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Иә, біз не болса соған күлетін жыр тақай, күлегеш халық болып барамыз. Оған кінәлі сансыз сатиралық театрлар. Олардың көп ашылуы қазақ күлкісінің беделін тым арзандатып барады. Саусақ қимылдатса да ыржалаңдап күле береміз. Оған сценарий жазатындар да сатириктер емес, жолдан қосылған жыртақай күлегештер, әртістердің өздері. Екі сөздің басын қосып жаза алмайтындар көп сериялы, бітпейтін күлкілі сценарийлер жазады. Жазады деймін-ау, олар жазбайды да. Сахнаға бірден шығарады. Сосын ол бітпейді, нүкте қоя алмай әуреде түседі де, көп сериялы күлкі жәрмеңкесіне айналдырып жібереді. Ал тәжірибелі сатириктер оның бітетін, аяқталатын жерін біледі. Сондықтан олар нүкте де қоя алады.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Ол рас, шыңғырып тұрған шындық. Күлкі арзан, билет қымбат заман келді. Әзіл-сықақ театрлары арзан күлкімен көрермендерін алдап, билеттерін қымбаттатты. Сахнада талтайып тұрса да, бірін-бірі ұрса да, шашынан ұстап жүлса да тырқылдай күлетіндер көбейді. Ойлы, әлеуметтік салмағы бар сатираға жастар күлмейді де. Оларға ыржақай, тыржақай дүниелер керек. Ал басылымдарда жарияланып жатқан сатираларды оқығың да келмейді. Оның жазғаны не сатира, не Қатира екенін білмей дал боламыз, лирикалық әңгіменің деңгейіне де жетпей жатады. Бірақ осылай десек те, сатира «қайтыс болып кетті, күні ертең жерлеп, жаназасын шығарамыз» деген ойдан аулақпыз.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР:

– Елімізде күлкі театрлары көбейгенде бәсеке күшейеді, күлкінің сапасы артады деген ой болып еді. Өкінішке қарай олар бір-бірінен қара үзіп кете алмады, түрлі формада бір-бірін қайталаудан аса алмай жүр. Одан қалса көбі шетелдерден ұрлайды, оның өзін қазақ табиғатына сай етіп бере алмай, халықты шаршатты. Ең өкініштісі, халықты қытықтап күлдіруге билік өзі араласып отыр. Теле-радио арзан күлкі тым көбейіп кетті. Бұл жақсы емес.

– Көркем прозада халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан сатиралық образдар неге азайып барады? Сіздердің шығармаларыңызда Бейімбеттің Мырқымбайы, Әбдіжәмілдің Судыр Ахметі секілді кейіпкерлер бар ма? Сатираға өміршең типтік образдар, жиынтық бейнелер алып келе алдыңыздар ма?

Мыңбай РӘШ:

– Бейімбеттің шығармаларында кездесетін керемет образдар бүгінгі қазақ қаламгерлерінің қаламына ілінбей жүр. Рахметолла Райымқұловтың жасаған сатиралық образдары да әлі күнге дейін ойымда. Ондай кесек образдардың жоқтығы жазушылардың жайбасарлығынан деп білемін.

Өз басыма келсем, кезінде қазақ кадрларын нығайтуда біраз типтік образдар жасадым. Суылдақ, Мұржамұрын сынды бейнелердің прототиптері бар. Мәселен, «Қазақфильмде» Пястолов деген басшы Есенберлиннен бастап барлық қазақ зиялыларын қызметтен қудалады. Сонда Ғабит Мүсірепов маған студияға барып, тексеруді тапсырды. Мен істің анық-қанығына көзім жеткен соң «Қараңғыда қызойнақ» деген фельетон жаздым.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Менде ат қойып, меншіктеп алған бейне-кейіпкер жоқ. Соны қалай да ескермеппін. Әу баста «Дұғай Шұғайыш» дегенім болып еді, қашан, қайда қалғанын білмеймін.

Көпен ӘМІРБЕК:

– Оспанхан ұстазым өз заманының Мырқымбайларын өзінше атады. Оның Пәштуан, Бөден, Зым-зиясы, Шона Смаханұлының Телпекбайы типтік бейнеге айналды. Әртүрлі болғанымен, нысанасы біреу. Яғни, тоңмойындар мен топастар. Басқасы басқа, Шона Смаханұлының өзі өмірдегі «Герой» боп өтті. Күн жеген көйлек секілді ажары кетіп, сетіней бастаған ана тіліміз үшін ашық айқасқа шықты. Қорықпайтын. Сескенбейтін. Кез келген жерде үгіт-насихатын жүргізе беретін. Біз Шона ағамыздың қасында жіп есе алмадық. Бірақ, нақты фактіге құрылған фелъетондарды көп жаздым. Менің негізгі кейіпкерлерім – Нәпи мен Тайпақ. Біздің сол Нәпи, Тайпақтарымыз Асқар Тоқмағамбетов, Оспанхан Әубәкіров, Шона Смаханұлы кейіпкерлерінің жанында жіп есе алмады.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Неге жоқ? Бар. Ос-ағанның Кәуікбайы, Сәуікбайы,, Көдіі, Сөдіі – бәрі де типтік образдар. Менде де бар – Тымпи, тағы басқалар. Қазір тек өлеңге көшкен соң типтік образдар жоқ боп кетті. Әйтпесе проза жазып жүргенде, олар бар еді. Қазақ сатирасына алып келген типтік образым жоқ десе де болады. Соңғы кезде мен тек сатиралық өлеңдер ғана жазатын боп кеттім. Ол өлеңдерде типтік образдар жоқ. «Ләм-мим» деп аталатын жинағымда Тымпи деген тұрақты кейіпкерім бар. Ол бірақ типтік образ емес.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Қазір сатиралық роман жазылмайды. Жазылса да, оны ешкім оқи қоймас. Бүгінде оқырман қысқалықты, нұсқалықты ұнатады. Менің ертеректе басталған Мыжбан-Тыжбандарым әр әзілдерімде әр қырынан көрініп жатады. Бертін келе кейіпкерлерімнің атын «мен мұндалатып» қоюды доғардым. Ойлы оқырман онсыз да «Е, мынау Мыжбан ғой!» деп жазбай танып жатады. Әзілдерімде образға көңілді көп бөлемін. Кейіпкерлерім кейде көңілді, кейде мұңды. Әлеуметтік салмағы бар тақырыптарды жіліктей мүжігенді жақсы көремін.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР:

– Мен тәуелсіз елдегі өзім көре алған барлық кем-кетікті сатираға сыйғызуға тырысып жүрмін. Оның ішінде ауыл әкімі де, қарапайым адам да, шенеунік те, олар араласқан қоғамдағы келеңсіз іс-әрекеттер де бар. Ал ол қаншалықты шынайы шықты, нысанаға дәл тиді ме? Оған уақыт пен оқырман қазылық

етер. Бірақ, Атекем сияқты әлі күнге маңызын жоймаған кейіпкерім туа қойған жоқ. Былтыр «Қайыршының миллиардер досы» деген хикаят жаздым. Сондағы Қайыршы біздің жиынтық образымыз болар-ау...

– Қазақ сатирасында дәстүр жалғастығы бар ма? Оспанхан қаламы кімдердің қолында?

Мыңбай РӘШ:

– Бұл туралы оқырмандардан сұрау керек. Түрлі шенеуніктер, құлқыны кең жұтқыштар, қоғамдағы келеңсіздіктер, әділетсіздіктер туралы өлеңмен де, кара сөзбен де көп жаздым. Әдебиетші-ғалым Гүлжаһан Орда шығармашылығым хақында жазып тұрады. Т.Қожекеев те сатириктерге баға беріп жүретін. Қазір сатира туралы, сатиралық шығармалар туралы да ешкім жақ ашпайды. Әдебиеттің басқа жанрларынан әдеби бәйгелер жиі болып тұрады. Ал сатираға, шынын айту керек, көңіл бөлінбейді. Оған бір мысал, классигіміз Оспанханнан бері қарай бір де бір сатирикке атақ берілген жоқ.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Жалғастық бар. Сатира күш-қуатынан айырылған, бағытынан жаңылған жоқ. Бірақ, осы «бірақсыз» ештеңе болмай жүр ғой, бүгінде сатираны іздеуші, жоқтаушы, оған қамқоршы жоқтың қасы. Газеттеріміздің бәрінде дерлік әзіл-сықақ беті, бұрыш бар. Олардағы авторларды тізбей-ақ қояйын, оқырман жақсы біледі. Ал Садықбек, Шона, Оспанхан, Оспанәлі, Балғабек, Үмбетбай, Қажытай, Сейіт, Көпен, Марат... ағаларының күлкілерін дамытушы жастарымыз баршылық.

Көпен ӘМІРБЕК:

– Егемен ел болғалы Елбасымыз «ұйымдасқан қылмыс пен жемқорлыққа күресті» күшейтсе, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жегі құртқа айналған бұл пәлені түп-тамырымен жою туралы мәселені алға қойғаны әмбеге аян. Жемқорлар мен парақорлардың, алаяқтар мен арамтамақтардың атын атап, түсін түстеп жазып жүрген жалғыз – Мұхтар Шерім ғана. Басқа ешкім жоқ. Мұхтар Шерім Шымкентте «Мистер Мұхтар» атты театр ашып, елдің езуіне күлкі үйіріп жүргені тағы бар.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Дәстүр жалғастығы туралы айтар болсақ, Оспанханның күлкісі аздап Көпенде бар. Үмбетбай Уайдин мен Бейсебай Кірісбаев марқұмдарда бар еді. Қалғандарымыз әйтеуір осы жанрға мүмкіндігінше атсалысып жүрміз. Жанрды өлтірмейік деп.

Қазақ сатирасы қазір кімнің қолында? Кім болса, соның қолында жүр. Еріккен де, шығармашылықтан жалыққан да сатира жазғыш болып кетті. Келсін, келмесін, осы жанрға әуестер саны тым молайып барады. Кәнігі сатириктей сөз толғамайды. Бірді-екілі оқиға болса, соны айтады да қояды. Сатира жазу үшін ең әуелі байқампаздық керек. Көрегендік керек. Күлкінің шығатын жерін білуі, көруі керек. Және соны жеткізетін тіл болуы керек. Осы ерекшеліктер ұштасқанда ғана жақсы шығарма туындайды.

Оспанханның қаламы қазір ешкімнің қолында емес. Ғасырда бір туатын талант иесінің қаламына әуестер көп, бірақ лайық емес.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Сатираның сұр мергені Оспанханды оқып өстік. Сөз ойнатуды, оқиға құбылтуды Оспанханнан үйрендім десем артық айтқаным емес. Оспанханды ұстазым санаймын. Әттең, Осекең осы заманда туылғанда, еркіндікке жіберген қырандай самғар еді! Ол кезде цензура болатын. Классик сатирик көсіле шаба алмады деп ойлаймын. Кеңестік дәуірдің қамшысы шығармасына кедергі болды да, тұрмыстық кемшіліктерді көп шиырлады. Бүгінде оспанханшалап жазатын сатириктер жоқтың қасы. Бірақ еліктегеннен гөрі өз стилінді тапқаның, өз соқпағыңмен жүргенің сатира шыңына жетелейді деп ойлаймын.

– Бүгінгі сахналық сатира кейде күлегеш қызға ұқсаса, кейде жыламсырыған балаға ұқсайды. Жақсы мен жаманға, шындық пен өтірікке тура бидей төреші болатын қасиеті қалды ма? Қоғам барометрі бола алып жүр ме?

Мыңбай РӘШ:

– Сатириктердің дайындығына байланысты ол. Жазушының білім деңгейі де оның жазуына әсер етеді. Бүгінгілер орыстың классик сатириктерін былай қойғанда өз сатира сардарларымызды толық оқымайды-ау. Алдыңғы буынның шығармашылығынан хабарсыз болған соң жазулары әлсіз болып жатады. Сахналық сатираға да мән беретін кез жетті. Әлгі «Бауыржан шоу» деген әзіл-сықақ театры бар. Сондағылар орыс сөздерін араластырып, елді күлдіріп әлек. Тіл тазалығы жоқ. Сценарийлерін де өз бастарына сеніп жазады. Қысқасын айтқанда, бүгінгі театрлар қазақ авторларын керек етпейді. Дәстүр жалғастығы, әрине, бар. Менің шәкірттерім Үмбетбай, Көпен, Еркін Жаппас, Берік Садырларға Оспаханның әсері болды.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Сатираның жауынгер болу-болмауы бүгінгі «мықтылардың» ауа райына қарай. Фельетонды жаңа көш көлігінен түсіріп кеткендер шартты сипатты

сатиралық әңгіме-өлеңдерден де сескенеді. Кейбір газет-журнал, баспа редакторлары солардың қабағын бағып: – «А» дегені Айекеңе, «Б» дегені Бәйекеңе тиіп кетпес пе екен?!» деп қарадай шошынады. Яғни, қадірін білетін адамға сатира қашанда қымбат, елемейтіндерге – арзан.

Көпен ӘМІРБЕК:

– Бұл сұрақты қазіргі сатираның сап түзеп жүрген сарбаздарының бәріне қойып көру керек. Қазір Садықбек Адамбеков сияқты сатиралық роман жазып жүрген ешкім жоқ. Оспанхан Әубәкіровтің комедияларындай комедиялар көзден бұлбұл ұшқаны қай заман? Қазіргі сатираның сипаты нысанаға алған кейіпкерінің жағын сындырып, бетін тырнап, көзін шығарып, көпшіліктің алдында масқарасын шығару ғана сияқты. «Ештеңеден қорықпайтын адам күлкіден ғана қорқады» дейтін қағида бар. Біз сол ештеңеден қорықпайтын адамды күлкімен қорқытудың орнына, киллер секілді әрекетке барамыз. Күлкінің киллері болу – қылмыс. Бізде қазір арнайы тапсырмамен жазатындар бар. Аппақ дүниені батпаққа айналдыруды мақсат тұтады. Бірақ ондайларға қарата «битке өкпелеп тоныңды отқа жақпа» деп қазақ баяғыда айтып қойған. Сен интеллектуалды күлкіні айтасың, қазір қазақы қалжыңдардың өзі жоғалды. Біз битін сығудың орнына, итін шығарып жүрміз.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Егер сатираға «бүгінгі» деген анықтама берсек, оны «бүгінгі» деп айтуға тұрмайды. Ол бүгіннің жүгін көтеріп тұрған жоқ. Ұсақ-түйек бірдеңе. Ол қоғамға барометр болмай-ақ, сатира деген атқа ие болса – соның өзі жетістік. Қазір газеттердегі беттер мен бұрыштар да жоғалып кетті. Бардың өзі лайықсыз.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Әрине, сатира – жауынгер сатира қалпында қала береді. Мәселе сатираны кімнің қалай жазатынында болып тұр ғой. Өзіне өзі күлетін сатираны қабылдай алмаймын.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР:

– Бұрынғы сатираны билік қолдайтын. Қазір сатирада ондай пәрмен жоқ. Сіздің жазғаныңыз сіздің кітаптың бетінде қала береді. Мәселен, әлеуметтік желілерді айтпағанның өзінде газет-журнал, теле-радио қақсап жатып, қоғамдағы сорақылыққа биліктің мойнын бұрғыза алмайды. Олай болса, журналистикада, сатирада, жалпы, жазуда не қадір-қасиет болсын!

– Бүгінгі заманның сұранысы интеллектуалды юмор. Мұны сатириктер ұсына алмай отыр ма, әлде театрлар көрсете алмай отыр ма? Жеңілтек әзілден жалығатын кез жеткен жоқ па?

Мыңбай РӘШ:

– Мен бұған жауап бере алмаймын. Өйткені қазір ұсақ-түйек жазатындар көбейіп кетті. Тақырыптары маскүнемдік, болмаса жеке эпизодтар. Әлемдік деңгейдегі өзекті тақырыптар, саясатты қаузайттын памфлет мүлдем жоқ. Яғни қоғамға әсер ете алатын сатиралық ой жоқ.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Оспанхан Әубәкіров екеуіміз сегіз жыл бір үйде тұрдық. Көшенің арғы бетінде азық-түлік дүкені бар еді, бір кеште соған кірсем, Осекең жүр екен. Көңіл қошым пәс еді. «Иә, мұнда неғып жүрсің?» дедім, салқын сөйлеп. Бет-ауызы түгел күлетін Осекең мені қолтығымнан ала: «Бері жүрші, жүрші!» деп, дүкеннің шыны жаймаларының біріне алып барып: «Мен мынау балыққа арнап өлең шығардым» деп әдебинше дауысы қырылдай күлді. «Не деп?» дедім, ол нұсқаған тәрелкеде жатқан басы жоқ төрт балыққа үңіліп. «Бұл байғұстардың аттарын білесің ғой?» деді. «Ставрида» деген жазуын дауыстап оқыдым. Оспанхан тағы да күліп: «Тыңда. «Ассалаумағалейкүм, ставрида! Әлі өтпей жатырсың да, мыстан рыба? дедім» деді. Дүкенде жүрген қазақтар екеуіміздің ерекшеліу сөз-күлкімізге ә дегенде назар аударса керек, бәрі ду күлді.

Е, заман-жолымыз бір, достық сырымыз бір, әзіл-сықақ «жырымыз» бір болған қайран Шөке, Осеке, жайдары жүздерің көз алдымда, қоңыр үндерің құлағымда, ащы-тұщы күлкілерің жадымда. Менің ғана ма?.. Ойлы күлкіні қымбат бір мүлкіне балайтын оқырмандарың да уақ-уақ іздеп жүр-ау!..

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Интеллектуалды сатира бар. Бірақ ол қазіргі күлдібадамдардың тасасында қалған. Бүгінде сатираны тек сахнадан ғана іздейтін болдық. Сахнадағы ойыншылар «интеллектуалды сатиранды басыңа шайнап жақ, бізге сол кезде, табан асты күлдіретін бірдеңе керек» деп, арзан ойындар мен бұралқы сөздерге құмар. Қысқасы оқырман да, көрермен де өзгерген. Олардың талғамына төңкеріс жасау керек. Не болса, соны сахнаға алып шыға бермей талдап, талғап, көркемдік кеңестің келісімімен ғана рұқсат беру керек. Ол үшін көркемдік кеңестерді қайта құрып, оның құрамына белгілі сатириктерді тарту керек. Сонда ғана біз емеурінмен, сөздің астарымен күлетін нағыз қазақы күлкіге қол жеткіземіз.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Сатира жазу кім көрінгеннің қолынан келе бермейді. Сахнадағы әзілкештер де өздерін сатирикпіз дей бастады. Жоқ, олар жәй ғана қылжақбастар. Сатирик болу үшін сатирик болып қалыптасу керек, сатиралық дүниелеріңмен көрінуің керек.

– Ағылшынның «қара юморы», француздың «сергек әзілі», орыстың «өткір әжуасын» әлем біледі. Біздің қазақы қалжың, қазаққа ғана тән юмор қандай еді? Қазақ қашан өз күлкісімен күледі?

Мыңбай РӘШ:

– Қазаққа ғана тән юмор қазақтың бай тілімен жазылуы керек. Тілге шорқақ адамдардың «сатира» деп жазғандары біздің күлкімізді келтіретіні де содан. Қазақтың тілінен суарылған қаламгерден ғана тәуір жазу шығады. Мәселен, Көпен мен Еркін Жаппаста тіл құнары бар.

Толымбек ӘЛІМБЕК:

– Біздің күлкілер де сол қара юмордың төңірегінде жүр ғой. Қазақы қалжың, қазақы күлкі болу үшін мына қаптаған әзілсымақ театрлардың бәрін жабу керек те, баяғыдай көркемдік кеңес құрып, солардың іріктеуімен ғана қойылымдарды сахнаға шығару керек деп ойлаймын. Сонда ғана біздің қазақы күлкі түзеледі, жастарға тәрбие береді деген ниеттемін.

Бұл Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі араласпай, алға баспайды. Сол министрлік көркемдік кеңестің құрамын бекітіп, сатиралық шығармалардың сахнаға жолдама алу, алмауын солардың құзырына бермей, іс өнбейді. Әйтпесе осы айтқанымыз айтқан жерінде қалып қояды.

Мұхтар ШЕРІМ:

– Мәңгілік ештеңе жоқ. Жеңіл күлкі де желмен бірге ұшып, ғайып болады. Заманауи сатира дүниеге келеді деп үміттенемін.

Дөңгелек үстелді ұйымдастырғандар **Ерлан ЖҮНІС, Айгүл СЕЙІЛ,
Маржан ӘБІШ**